

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 шілдедегі N 733 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 936 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 9 ш і л д е д е г і
№ 7 3 3 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қыркүйектегі № 953 қ а у л ы с ы н д а :

2-тармақтың 2) тармақшасында және 3, 4-тармақтарда "және ақпарат" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі і с - ш а р а л а р ж о с п а р ы н д а :

3 - б а ғ а н д а :
реттік нөмірі 4-1-жолда "МAM-ға" деген сөз "BAM-ға" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 18, 19, 20, 21, 22, 23, 37, 43-2-жолдарда "MAM-ға" деген сөз "MM-ге" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 - б а ғ а н д а :
реттік нөмірі 5-жолда "MAM" деген аббревиатура "MM" деген аббревиатурамен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірі 17-жолда "МAM", "ИСМ", "ЭБЖМ" деген аббревиатуралар тиісінше "ММ" және "ЭДСМ" деген аббревиатуралармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 25-жолда "МAM" деген аббревиатура "ММ" деген аббревиатурамен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

реттік нөмірлері 29, 41, 42 және 44-жолдарда "МAM" деген аббревиатура "БAM" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 46-жолда "МAM", "ЭБЖМ", "ИСМ" деген аббревиатуралар тиісінше "ММ" және "ЭДСМ" деген аббревиатуралармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 25-1-жолдың 3 және 4-бағандарында "МAM" және "ЭБЖМ" деген аббревиатуралар тиісінше "ММ" және "ЭДСМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

Ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

"ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі";

"Қоршаған орта министрі - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"БAM - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі";

"ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі".

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

3. "Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2009 - 2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 7 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2009 - 2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

4 - бағанда:

реттік нөмірлері 7, 20, 40, 42, 47 және 53-жолдарда "МAM" деген аббревиатура "ММ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 15, 43, 52 және 54-жолдарда "МAM" деген аббревиатура "БAM" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 38-жолда "ЭБЖМ" деген аббревиатура "ЭДСМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

Ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

"ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" деген жолдан

кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі";

"Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"БАМ - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі";

"АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі".

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.18 № 266 Қаулысымен.**

5. "Мұхамеджан Қаратаевтың туғанына 100 жыл толуын және Григорий Николаевич Потаниннің туғанына 175 жыл толуын дайындау және өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 179 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстанның әдебиет қайраткері Мұхамеджан Қаратаевтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар ж о с п а р ы н д а :

3 - б а ғ а н д а :

реттік нөмірлері 1 және 2-жолдарда "Мәдениет және ақпарат министрлігі" деген сөздер "Байланыс және ақпарат министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 4-жолда "және ақпарат" деген сөздер алынып тасталсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстанның этнограф-ғалымы, публицисі, зерттеушісі Григорий Николаевич Потаниннің туғанына 175 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында: реттік нөмірі 4-жолдың 3-бағанында "және ақпарат" деген сөздер алынып тасталсын

6. "Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 252 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларда: 13-тармақтың үшінші абзацында "29," деген сандар алынып тасталсын.